

Жетісу университетіне 50 жыл!

ZHETYSU
UNIVERSITY

№8 (221)
26 тамыз
2022 жыл

Жетісу
университеті

ALMATY OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI

АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА



ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЦЮРИХ (ШВЕЙЦАРИЯ) УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Швейцарияның Цюрих университетімен 2010 жылы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған. Осы меморандумның аясында тамыз айында Жетісу университетінде Жазғы мектеп жұмыс істеді. Цюрих университетінің әлеуметтік антропология және мәдени зерттеулер департаментінің профессоры Peter Finke бастаған ғалымдар дәріс оқып, семинар өткізді. Аталған университеттің постдокторанттары мен студенттері қазақ тілінен сабақ алып, этнография саласында шағын зерттеулер жүргізді. Шетелдік студенттерге қазақ тілін үйрету үшін Жетісу университетінің ғалымдары арнайы бағдарлама жазды. Жазғы мектеп соңында Цюрих университетімен бірлескен Еуразиялық зерттеулер орталығы ашылды. Алдағы уақытта Еуразиялық зерттеулер орталығы Жетісу университетіне келген шетелдік ғалымдар мен студенттер жұмыс істейтін, пікір алмасатын, тәжірибе жинайтын алаң болады. Әлемдегі үздік 100 оқу орнының қатарына кіретін Цюрих университетімен бірлесе орталық ашу Жетісу университеті үшін үлкен жетістік.

(Жалғасы 4-бетте)



Швейцарлық студенттерге
«Zhetysay: the Land of Seven
Rivers» тақырыбында
дәріс оқынды



2 бет

Сын великой сѣни



5 стр.

В. Кротов:

юность — гейзер
возможностей



6 стр.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КОНСТИТУЦИЯНЫҢ
ДАМУ ТАРИХЫ



7 бет

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ 2022- 2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ (Ғылым және жоғары білім министрінің баяндамасынан)

Елімізде қазіргі уақытта 120 жоғары оқу орны жұмыс істейді (11 ұлттық, 29 мемлекеттік, 14 азаматтық емес, 1 дербес білім беру ұйымы, 1 халықаралық, 16 акционерлік және 48 жеке).

ЖОО-да 623 839 адам оқиды (бакалавриат – 575 511 адам, магистратура – 36 483 адам, докторантура – 5 924 адам)

Профессор-оқытушылар құрамының саны – 36 378 адам, 48% ғылыми дәрежесі бар.

2022-2023 оқу жылына күтілетін студенттер контингенті - 609,5 мың адам, оның ішінде қабылданатыны - 164 300 адам.

2022-2023 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс көлемі - 88 214 орын, бакалавриатта - 73 061, магистратурада - 13 263, докторантурада - 1 890 орын, оның ішінде 42 303 грант немесе 60% - ы техникалық мамандықтарға бөлінген.

Ел Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасы бойынша батыс және халық тығыз қоныстанған өңірлердің жастары үшін 10 мың грант, «Серпін» жобасына 3 653 грант, шетел азаматтарына 490 грант, оның ішінде 150 грант Орталық Азия елдерінің азаматтарына, 100 орын - Ислам ынтымақтастығы ұйымдары елдерінің азаматтарына қарастырылды.

Республикалық конкурстық комиссияның шешімі бойынша 56 375 грант тағайындалды.

Бұдан басқа, жаңа оқу жылынан бастап бакалавриат деңгейінде стипендия 20% - ға (31 423 теңгеден 36 660 теңгеге дейін) өсті, оның ішінде педагогикалық бағыттағы студенттер үшін 50 мың теңгеден бастап 58 800 мың теңгеге дейін ұлғайтылды, магистратура және докторантура 15% - ға (76 950 теңгеден 86 987 теңгеге дейін және тиісінше 172 500 теңгеден 195 000 теңгеге дейін) өсті. Бұл норма шамамен 161 мың білім алушыға қатысты болады.

Министрліктің Телеграмм парақшасынан.


КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫНАН ГРАНТ АЛДЫ

Республикалық колледж студенттеріне арналған «KAZENERGY/ Student Energy Challenge-Junior» инновациялық жобалар байқауына Республика бойынша колледж студенттерінің 42 командасы қатысып, Zhansugurov college-нің «IT ZH Zhansugurov college» және «Selestials of Zhansugurov college» команда құрамы финалға өтті.

24 тамызда өткен финалдық кезеңде «Selestials of Zhansugurov college» командасы жүлделі III-орынға ие болса, «IT ZH Zhansugurov college» командасы «Student Energy Challenge-Junior» инновациялық жобалар байқауының жеңімпазы атанды. Колледжіміздің екі командасы да «KAZENERGY/Student Energy Challenge-Junior» инновациялық жобалар байқауының грант иегерлері атанды. Колледж студенттерін және ғылыми жетекші Бейсенбеков Ерік Бақдаулетұлын айтулы жетістіктерімен құттықтаймыз!!!



Құттықтаймыз! Әріптесіміз Сенат депутаты болды!

ҚР Парламент Сенатына жаңа құрылған үш облыстан депутаттар сайланғаны белгілі. Жетісу облысынан басым дауыспен университетіміздің Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы Амангелді Ғабділкерімұлы депутаттыққа өтті. Әріптесімізді жауапты қызметке ауысуымен құттықтаймыз!!!



ЖАҒЗЫ МЕКТЕП



Швейцарлық студенттерге «Zhetysu: the Land of Seven Rivers» тақырыбында дәріс оқылды

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Швейцариядан келген білімгерлерге Жазғы мектеп ұйымдастырылды. Тамыз айы бойы әр түрлі іс-шаралар өткізіледі: қазақ тілін оқыту курстары; этнографиялық практика; бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу; магистранттар, докторанттар мен оқытушыларға арналған семинарлар т.б.

Жазғы мектеп шеңберінде 2022 жылғы 3 тамызда «Туған жер» арнайы жобасы бойынша «Рухани жаңғыру» ғылыми-білім беру орталығының директоры, т.ғ.к. Н.К. Байғабатова Цюрих университетінен келген студенттерге «Zhetysu: the Land of Seven Rivers» тақырыбында дәріс оқыды.

Сондай-ақ іс-шараға Цюрих университетінің бір топ оқытушылары да қатысты – әлеуметтік антропология және мәдениеттану департаментінің профессоры, ғылым докторы Петер Финке; доктор Мелтем Санжак; доктор Вернер Херцог, PhD студент Абиляденова Динара.

Ғылыми-танымдық дәріс барысында «Жетісу» сөзінің мазмұны мен мағынасына ерекше назар аударылды, Жетісу тарихының негізгі кезеңдері мен археологиялық ескерткіштері, тарихи-мәдени мұра объектілері туралы тыңдаушылар мол мағлұмат алды.

Шетелдік білімгерлер тақырыпқа қызығушылық танытты, көптеген қойылған сұрақтарына толық ақпарат алды. Жалпы, Жетісу өлкесін дәріптеуге арналған дәріс жоғары деңгейде өтті.

Зерттеу әдістері 1: енгізілген бақылау, этнографиялық тәжірибе

Жас ғалымдар мен докторанттарға арналған "Зерттеу әдістері 1: енгізілген бақылау/ этнографиялық тәжірибе" тақырыбында оқыту семинары өтті.

Семинарды академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шақырылған Цюрих (Швейцария) университетінің Әлеуметтік антропология және мәдени зерттеулер департаментінің профессоры Петер Финке өткізді.

Қатысушылар "енгізілген бақылау" ұғымымен және этнографиялық дала жұмыстарын жүргізу тәсілдерімен танысты. Профессор моңғолдардың, өзбектердің, қазақтардың және Орталық Азияның басқа да ұлттарының тұрмысы мен мәдениетін зерттеуде қолданған зерттеу әдістерінің мысалдарын келтірді.

Семинар барысында қатысушылар процеске тартылып, өздерін қызықтырған тақырыптарға белсенді түрде сұрақтар қойды, сондай-ақ Цюрих университетінің студенттері мен пост-докторанттарымен танысу мүмкіндігіне ие болды, олар Қазақстан Республикасындағы өздерінің этнографиялық тәжірибесінде байқау әдістерін қолданады.



Бетті дайындаған Назым ДҮТБАЕВА.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Қазақ жерінде лингвоэкологиялық идеялардың өрістеуі әлдеқайда ертерек басталған. Сонау сақтар дәуірінде туып («Басқа пәле тілден» Анарыс), көне түркілік дәуіріндегі, орта ғасырлық әдеби мұраларда жалғасын тапқан тіл тазалығы, сөздің адам жанына әсері, тіл мен ұлт тамырластығы сынды ойлар, беріде қазақ мақал-мәтелдерінде, жыраулар поэзиясы мен ақындардың өлең-толғауларында сабақталған.

Тіл экологиясының басты мақсаты – ұлттық бірегейліктің басты белгісі – тілді сақтау. Ана тілін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, оны көздің қарашығындай сақтау, сөздің парқын, құнын түсіну қазақ отбасында бала санасына ауыз әдебиеті үлгілері, әдеби мұралар арқылы жастайынан сіңірілген.

Д.Әлкебаева бұл бағыттың даму тарихына қатысты «Тіл экологиясының жеке бағыт ретінде қалыптасуы кейінгі жылдардың өншісінде болғанымен «қазақ тілі ғылымының бұл саласы туралы мәселе қозғалғалы бір ғасырға жуық уақыт өтті деп айтуға болады» деп жазған болатын.

Қазақ жеріндегі лингвоэкологиялық идеялардың таза лингвистикалық бағытта дамуы Алаш қайраткерлері еңбегінен басталады. Себебі «XX ғасырдың басы қазақ тарихында рухани ояну дәуірі болғаны белгілі. Ұлттың өзіндік белгісін сақтап қалатын негізгі қасиеттерінің бірі – тіл екенін терең түсінген қазақ зиялылары өз беттерінше білімін жетілдіре отырып, қазақ тілі бойынша оқулықтар жазған, баспасөз бетінде түрлі пікірталастар ұйымдастырып отырған» (Жұбаева О. Қ. Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары. Филол. ғыл. канд. дисс. авторфетте).

Бұл ретте, қазір жиі айтылып, қайталанып жүрген қазақ халқының ұлттық-мәдени коды ең алдымен қазақ тілінде екені белгілі аксиома. Ұлтқа аманат боп қалған «тілді сақтау» идеясы ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алатыны түсінікті.

А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде қазақ тілінің сол кездегі тағдырының жан-жақты айтылуы мен талдануын лингвоэкологиялық идеялардың тууы мен дамуы деп білу керек. Сол кезеңдерде жарияланған еңбектерін сараласақ, қазір де өз құндылығын жоймаған бағыттар мен қамтылған өзекті лингвоэкологиялық тұжырымдар бар. А.Байтұрсынұлының бұл бағыттағы тұжырымдарына жеке-жеке тоқталсақ.

Қазақ тілінің тазалығын зерделеу, экологиялық жағдайына баға беру. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынов XX ғасырдың басында қазақ тіліне «түріктің тұнық тілі» деп баға берген. Қазақ тілінің тазалығын зерделей келе, экологиялық жағдайын саралап, оның себебін «...Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ» деп түсіндіреді (Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері).

Сонымен қатар, ұрпақ алдында «20-ншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып бытшытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас» деген пікірін келер ұрпаққа ескертуі мен жүктеген



міндеті деп түсіну керек.

Тіл – ұлттың өмір сүруінің басты шарты. Тіл экологиясының ең басты міндеті – тілді сақтау, сол арқылы ұлтты сақтау. XX ғасырда қалыптасқан және алда болатын саяси оқиғалар жағдайында қазақтың ұлт ретінде сақталуының алғышарты, ұлттық құндылықтың қайнары, оны болашаққа жеткізуші тіл екенін Алаш көсемдері әрқашан санаға сіңіруге тырысқан. Тілдің жойылуы өркениеттің бір бөлшегінің, яғни халықтың жойылуымен бара-бар. Өйткені тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол ұлттық мәдени-танымдық код. Бүгінде аксиомаға айналған А.Байтұрсыновтың «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»; «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедағы адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен арылғаннан жеңіл болмас еді» деген тұжырымдары оған дәлел.

Бұл ретте лингвоэкологияны зерттеуші ғалымдар тілдің өмір сүруі экожүйедегі өзге түрлерден ерекше, табиғатта бір түрдің саны азайса, оған жойылу қаупі төнеді, ал тілді тасымалдаушы тұлғалар саны аз болса да, ол тіл өзге тілдің ықпалына ұшырамаса ұзақ уақыт өмір сүруін жалғастыра береді деп пайымдайды.

Білімді ана тілінде беру. Тілдердің жойылу қаупінің дәрежесін анықтау жүйесін жасаған М.Краус тілдің болашақ әлеуеті үшін тілдің табиғи түрде әкеден балаға берілуі аса маңызды фактор екендігін атап көрсетеді. Ғалым өз жіктеуінде алғашқы орынға қауіпсіз тілдерді орналастырған және олардың қатарына ана тілі ретінде меңгерілетін тілдерді жатқызған. Демек, тілдің өміршеңдігін қамтамасыз ету білімнің ана тілінде берілуіне тәуелді.

Білімді өз ана тілінде алудың аса маңызды екендігін ұлт ұстазы А.Байтұрсынов: «Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызуды үйретіп, өз тілінің жүйесін білідіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз

бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс» деп тұжырымдаған.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарасақ, Алаш зиялыларының «Білімді ана тілінде беру» туралы идеяларының қазіргі көрінісін деп басып айтқандығының дәлелі.

Терминдерді (пән сөздерін) қазақ тілінде қалыптастыру. Өткен ғасыр басындағы қазақ оқымыстылары болашақта қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру міндетін қойған және сол жолда аянбай тер төккен. Тілдің қолданыс аясын кеңейту тілдің ғылым мен техника тіліне айналуымен тығыз байланысты және оның аса маңызды екенін жете түсінген. Терминдерді бірі «пән сөзі», бірі «ғылым атауы» деп атаса да, қазақ оқымыстылары қазақтың төл сөздерінен жасау керектігін басты назарда ұстағандары байқалады. Сонымен қатар, білімпаздар шет тілден термин алғанда оны сингармонизм заңына бағындыра қолдануға, орфоэпиялық норманы сақтауға шақырады.

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі» болып, онда қазақ терминологиясын қалыптастырудың алғашқы қағидаттары бекітілді. Оның бірінші тармағында (А) ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу. Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда, сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек (тілдік конфликт болдырмау)» деп жазылған.

А.Байтұрсынұлы Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда жасаған баяндамасында қазақ білімпаздарының 1924 жылғы съезінде қаулымен бекітілген қағидаттар өзгелерге үлгі ретінде ұсынылып, түркі тілдестер тарапынан қолдауға ие болғандығы туралы былай делінген: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөздеріне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі айна тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен. Қазақ жат сөзге еуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты».

Тілді жат сөзбен шұбарламау; Тіл мәдениетінің ортологиялық қағидаларын сақтау. Қазақ халқы сөз өнерін аса бағалап, оны дамытушыларды дәріптеген. Ж.Аймауытов ділмар бабаларының салтын ұрпағының қандай дәрежеде жалғап жүргенін саралап, оған көңілі толмайды: «Қазақ баласының бір әдеті: «бәлен етіп, сонымен кетіп, содан сүйтіп...» деген тәрізді нүктесіз шұбата береді. Сөйлегенде

де, жазғанда да қысқа сөйлеуге уағдалана беру керек. Ұзын әңгімені аз сөзбен қысқартып айтқызу – сөзге төселдірудің бір керекті жері. Бала түгіл, әлеумет қызметкері боп жүрген кейбір азаматтардың топтарда орыс сөзін қазақшаға аударғанын тыңдасаң, олақтығы көрініп тұрады: қысқаша мазмұнын өз ойымен айтып бере алмайды, сөйлеушінің сүрлеуімен түгел айтып шығам деп әуре болады. ...Аз, дәмді, тиімді сөздің қадірін қазақ та білген ғой, білмесе «ердің құнын екі ауыз сөзбен кеспей» деп, мақтамас еді. Қазақ баласы бұлдыратып, түссіз қылып сөйлейді: ақтан тигізіп, тапбасар сөйлейтін адам кем болады; көбінесе құба жондатып, тайғалақтатып, бетін қырпып, жалпы сарынға салып отырғаны» (Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары» (оқу-әдістеме), мақалалар, хаттар).

Бұл созылмалы сырқат әлі күнге дейін дауасын таппай жалғасып келеді. Қазақ тілін ауызекі сөйлеу деңгейінде меңгергендер және білімгерлер ойын қысқа, нақты, дәл, көркем етіп жеткізе алмайды.

Тіл саламаттығына нұқсан келіп, дертке шалдыққан тілді А.Байтұрсынұлы жынды сөз деп сипаттаған.

Алаш қайраткері, ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының шешендік өнерге қатысты айтқан ой-пікірлерінде қазақ шешендік сөздеріне алғаш рет берілген ғылыми сарптаулары назар аудартады. Алдымен қара сөзбен жазылған шығармаға «Көсем сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма байымдама деп аталады» деп анықтама береді (Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері). Жалпы А.Байтұрсынұлының қазақ шешендік өнері туралы жазылған пікірлері өз алдына жан-жақты талданатын мәселе.

Орфографиялық нормалардың сақталуы – тілдік құзыреттіліктің көрсеткіші. Ғалым сауатты жазудың маңызы мен қағидасын келесідей сипаттаған: «Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек. Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, етте жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады».

А.Байтұрсынұлының жоғарыда талданған лингвоэкологиялық тұжырымдары қазақ тіл экологиясы теориясының негізі. Бұл тұжырымдар аса құнды, маңызы күн өткен сайын артуда. Сонымен қатар, ғалымның еңбектерінде эмотивті лингвоэкологияның аясына кіретін сөз энергетикасы, оның жасампаздық күші, қатысым мүшелеріне эмоционалды әсеріне қатысты тұжырымдар да баршылық алайда олар жеке және кешенді түрде қарастыруды талап етеді.

Гүлім ШҮКЕНАЙ,
І.Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті
Филологтарды даярлау
білім беру бағдарламасының
оқытушы-дәріскері, PhD.

Әлеуметтік антропология және мәдениеттану департаментінің профессоры, ғылым докторы Петер Финке бастаған, Мелтем Санжак һәм Вернер Херцог қостаған студенттік топ – Илияс Жансүгіров атындағы білімнің ақ ордасы Жетісу университетінің сыйлы қонағы болды. Сонау Цюрих университетінен ат терлетіп жеткен ғалымдарымызды үлкен құрметпен қарсы алып, жер жәннаты Жетісу жерімен, тіршілік-тынысымен таныстырдық.



ШВЕЙЦАРИЯДАН КЕЛГЕН ҚОНАҚТАР



Петер ФИНКЕ,
әлеуметтік антропология және мәдениеттану
департаментінің профессоры, ғылым докторы.

жобаларым аймақ ішіндегі және одан тыс трансұлттық көші-қон ағындарына, сондай-ақ сәйкестік үлгілері мен олардың ұлттық мемлекеттік құрылыс схемалары барысындағы өзгерістерге қатысты. Қазір Жетісу облысындағы бірқатар экономикалық серпілістер мен дағдарыстардың салдарын және олардың шығындары мен пайдасын зерттеп жатырмын.

«Батыс Моңғолиядағы өзгеріп жатқан мал шаруашылығы әлемі» туралы диссертациямен Берлин университетінде (1994) «Әлеуметтік антропология және Орталық Азияны зерттеу» бойынша магистр дәрежесін және Кельн университетінде (1999) PhD дәрежесін алдым. Одан кейін Лейпциг университетінде (2006)

«Өзбекстандағы сәйкестік үлгілері мен ұлтаралық қатынастар» туралы докторлық диссертация шықты. 2000 жылдан 2006 жылға дейін мен Галледегі Макс Планк атындағы «Әлеуметтік антропология» институтында аға ғылыми қызметкер, содан кейін «Орталық Азия» зерттеу тобының жетекшісі болдым. 2002-2003 жылдары АҚШ-тың Нью-Гэмпшир университетіне, 2004-2006 жылдары Түркияның Анкара қаласындағы Таяу Шығыс университетіне профессор ретінде шақырылдым. Еуропа мен Азияның әртүрлі университеттерінде, нақтырақ айтсам, Кельн, Бонн, Лейпциг, Галле, Алматы, Талдықорған, Семей, Өскемен және Томск қалаларында сабақ бердім.

2009-2014 жылдары мен Цюрих университетінде «Әлеуметтік және мәдени антропология» департаментінің директоры, 2014-2020 жылдары «Әлеуметтік антропология және мәдениеттану» департаментінің тең директоры болдым. 2021 жылдан бастап мен «Өнер және ғылым» факультетінде оқу ісі жөніндегі деканның орынбасары қызметін атқарып келемін. Сондай-ақ мен университеттің «Азия және Еуропа» ғылыми-зерттеу басымдылық бағдарламасының ұзақ мерзімді қатысушысы болдым. 2009-2010 жылдары «Орталық Еуразиялық

зерттеулер қоғамының» (CESS) және 2012-2017 жылдары «Швейцария антропологиялық қауымдастығының» (SEG-SSE) президенті болдым. 2013 жылы «Орталық Азиядағы антропологиялық зерттеулер орталығының» (CASCAS) тең директоры болдым. 2012-2020 жылдар аралығында біздің пәніміздегі ең көне – «Zeitschrift für Ethnologie» журналының редакторы болдым. Қазіргі уақытта мен екі кітап сериясының редакторымын: «Орталық және Ішкі Азиядағы экономикалық және әлеуметтік трансформация» (Routledge) және «Еуразиядағы мәдениет пен қоғам» (Berghahn).

— **Қазақстандық білім шаңырағынан басқа тағы қандай университеттермен байланыс жасайсыздар?**

— Швециядағы Лунд, Түркиядағы Мармара, Германия, Чехия, Копенгаген және т.б. он шақты университеттермен бірге жұмыс істейміз. Қазақстандық профессорлар, докторанттар, Цюрих университетіне келіңіздер, көріңіздер. Бір не екі айға, асықпай зерттеулер жүргізуге шақырамыз. Мақаладан бөлек семинар, тренинг, дәрістер өткіземіз.



Цюрих университеті



— **Жазғы мектеп аясында сіздер студенттермен бірге қазақ тілінен сабақ алдыңыздар. Қазақ тілі қаншалықты қызықты?**

— Қаншалықты қызық болса, соншалықты қиын екен. Тіл өте әдемі, жағымды құлаққа, бірақ ұқсас сөздер, әріптер болмаған соң, сөйлеуге ауырлау болды (күлді). Екі апта ғана болды бастағандарына, нәтижесі жаман емес. Прогресс бар. Айтқандай, биыл Жетісу университетінің 50-жылдық мерей тойы екен. Қолға алған істеріңіз табысты болсын. Ауқымды ортақ жобалар көп болғай. Соңғы 10 жылда байқағаным, білімгерлердің ағылшын тілі жақсарған. Олар әлемді көрсін, тәжірибе жинақтасын, елге оралып, еңбектің жемісін жегізің. Қуаныштарыңызға ортақпыз.

— **Сіздерге де алыс білдіріміз. Шығармашылық ізденіс, табыс, тапты-ныс тілейміз. Рақмет.**

Сұқбаттасқан Алтынай МАХИМОВА.


сүзгіден өткізіп, талқылап, бірлесіп мақала жазамыз. Зерттеу орталығын ашудың тағы бір мәнісі де сол – бірге жүрсек, жаңа идея туады, жобалар пайда болады. Өте тиімді.

— **Өзіңіздің еңбек жолыңызбен таныстырсаңыз.**

— Мен Орталық және Ішкі Азияда маманданған экономикалық антропология, онда мен 1990 жылдардың басынан бері кең дала жұмыстарын жүргіздім.

Жалпы мені социалистік жүйелердің өзгеруі аймақтағы адамдарға қалай әсер ететіндігі әрі оған бейімделу құбылысы қалай жүріп жатқандығы ерекше қызықтырады. Басқа

День рождения великого Абая официально стал праздничной датой в соответствии с постановлением правительства Республики Казахстан от 4 августа 2020 года.



постулаты великого мыслителя чрезвычайно актуальны для сегодняшнего поколения граждан нашей страны. Новый этап возрождения национального самосознания и его адаптации к грядущим глобальным переменам в условиях независимости стал общенациональным приоритетом для нашего государства. Абай призывал быть выше собственных интересов, использовать опыт и знания для процветания нации. Такое понимание прогресса имеет непреходящее значение и для всего человечества.

Седьмое слово

С самого рождения жизнь ребенка складывается из двух различных побуждений. Одно – это потребность есть, пить и спать,

первых порах жизни. Жажда знаний владела нами, и надо было все остальное тоже подчинить высоким порывам души. Но мы не смогли этого сделать. Мы шумели и галдели, словно воронье, и не пошли дальше аульных распрей. Мы приземлили наши души, перестали верить своему чувству, странно довольствовались созерцанием, не вникая в сущность явлений. Оправдывались тем, что с другими, жившими подобно нам, не случилось еще ничего страшного. Со временем на разумные укоры у нас появились готовые доводы: «Твой разум – для тебя, а мой – для меня», «Чем быть богатым чужим умом, лучше быть бедным, но своим умишком». Сводили все к тому, что в жизни все предопределено, и в ней – каждому –

Сын великой степи

Напомним, Абай Кунанбайұлы – казахский поэт, композитор, просветитель, мыслитель, общественный деятель, основоположник казахской письменной литературы и ее первый классик, реформатор культуры в духе сближения с европейской культурой на основе просвещенного ислама.

Абай родился в семье правителя рода тобыкты Кунанбая Оскенбаева 10 августа 1845 года у подножия Шынгыстау в Семипалатинской области. Семья Абая была потомственно аристократической: и дед (Оскенбай), и прадед (Иргизбай) главенствовали в своем роду в качестве правителей и биев. Его мать Улжан и бабушка Зере были одаренными натурами. Именно с легкой руки матери данное отцом имя Ибрагим было заменено ласкательным Абай, что означает «осмотрительный, вдумчивый». Под этим именем он прожил всю свою жизнь и вошел в историю.


С детства он был очень любознательным ребенком. Начатое в раннем детстве приобщение к устному творчеству народа и домашнее обучение у муллы было продолжено в медресе имама Ахмед-Ризы в Семее. Одновременно он учился в русской школе и к концу 5-летней учебы начал писать стихи. С 13 лет Кунанбай стал приучать Абая к административной деятельности главы рода. Ему пришлось вникнуть в межродовые тяжбы, ссоры, интриги. Постепенно поэт испытал разочарование к административно-политической деятельности, что привело к тому, что в возрасте 28 лет Абай отошел от нее, целиком занявшись самообразованием. Но только к 40 годам он осознал свое призвание как

мы и стихотворные формы: восьмистишия и шестистишия. Им создано около 170 стихотворений и 56 переводов, написаны поэмы, «Слова назидания» («Қара сөздер»).

Абай был также композитором. Он создал около двух десятков мелодий, которые популярны в наши дни. Некоторые свои стихи Абай Кунанбаев переложил на музыку, а песня на его стихи «Көзімнің қарасы» («Ты зрачок глаз моих», перевод Марии Петровых) стала народной.

Акын похоронен в селе Жидебай у подножия Шынгыстау. В честь двух великих сыновей казахского народа, Абая и Шакарима, воздвигнут величественный комплекс – мавзолей, состоящий из двух минaretов, символизирующий любовь и уважение последующих поколений. В газете «Казахстанская правда» была опубликована статья главы государства Касым-Жомарта Токаева «Абай – духовный реформатор», посвященная 175-летию со дня рождения великого поэта.

Слова Абая никогда не устареют, они понятны и универсальны для всех людей на нашей планете. Его мысли и назидания, облаченные в совершенные формы поэзии и прозы, служат в качестве жизненного путеводителя и по сей день. Размышления о будущем своего народа, а также сострадание и любовь к людям – эти нравственные



свое. В груди не стало тепла, а в сердце – веры.

И далекие дни детства представляются сейчас еще более прекрасными. То было утро, и мы были детьми людей и стремились познать окружающее. Теперь мы взрослые. Но чем мы лучше животных, которые видят мир и не понимают его? Мы тоже ничего не знаем, однако дорожим своим невежеством, мы любим жить, но деремся друг с другом и обнажаем для ударов свои вены.

Сорок пятое слово

Самым веским доказательством существования всевышнего является то, что многие тысячелетия люди на разных языках говорят об одном и том же: о великом и непогрешимом создателе. Сколько бы ни было видов религии, все они утверждают, что всевышнему приписывают справедливость и любовь.

Мир создали не люди – мы только познаем уже сотворенный Мир. Мы всей душой стремимся к высшей справедливости и божественной любви, и мудрым становится тот, кто искренне поверил и понял величие всевышнего. Именно искренне поверил, а не заставил себя уловить в это.

